



# ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘНІР БЕРГЕН ҒАЖАП ҚҰТ, ҒАЖАПТЫҚТА МӘНГІ БОЛҒАЙ АЗАТТЫҚ!

Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shugylasy



Handwritten signature

Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini Gazet 1937 jyl dan bastap shyǵady beisenbi, 16 jeltoqsan 2021 jyl №50 (10 888)



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІ

1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлық қабылданды.

1992 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қосылды.

1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар ұйымының мүшесі атанды.

1992 жылы 15 мамырда Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына кірді.

1992 жылы Қазақстан экономикалық ынтымақтастық ұйымына қосылды.

1994 жылдың 16 ақпанында ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойылды.

1995 жылы 9-12 желтоқсан күндері Ислам ынтымақтастық ұйымының құрамына енді.

2001 жылы Қазақстанның тікелей араласуымен Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылды.

2014 жылы Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімге қол қойылды.

2015 жылы Қазақстан дүниежүзілік сауда ұйымының толыққанды мүшесі болды.

2016 жылы Қазақстан Орта Азияның елдері ішінде бірінші болып БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдарға емес мүшесі болып сайланды.

2017 жылы Ислам ынтымақтастық ұйымының Саммиті де қазақ жерінде өтті. Осы шарада Астана декларациясы қабылданды.

Қазақстан 2022-2024 жылдарға БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып сайланды.



Мереке шуағы



Биыл Алаш баласының айрықша қазынасы, тәу етер тәуелсіздігі ордалы 30 жасқа толып отыр.

Аудан тұрғындары мемлекетіміздің ең Ұлық мерекесі - Тәуелсіздік күнін аудан орталығындағы мәдениет үйінде салтанатты жағдайда атап өтті.

Мерекелік жиынға аудан активі, еңбек ардагерлері, ауданымыздың Құрметті азаматтары, қоғамдық ұйым басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

→2-ші бетте.

Ақ тілек



Құрметті аудан тұрғындары!



Сіздерді алты алаштың айбынын асқақтатқан, ежелден ата-бабаларымыз аңсаған арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Еліміздің ең ұлық мерекесі - **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен** шын жүректен құттықтаймыз!

Біздің еліміз Тәуелсіздік алған уақыттан бері Тұңғыш Президент, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық даму бағытының арқасында 30 жылда әлеуметтік салада оң өзгерістер болды. Білім беру, денсаулық сақтау саласының дамуы, халықтың барлық топтарының әл-ауқатының, өмір сапасы мен деңгейінің артуы ең басты жетістіктеріміз болып табылады. Тәуелсіз даму жылдары экономиканы қарышты дамытудың, саяси тұрақтылықтың, құқықтық, демократиялық мемлекет құрудың кезеңі болды. Ал, ең маңыздысы, Қазақстанда тұратын алуан түрлі ұлт өкілдерінің достығы мен бірлігінің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тамаша дәстүрлерін, дінаралық қатынастарда тыныштық пен келісімді сақтай білуіміз болды.

Әлемді жайлаған індет әкелген қиындықтарға қарамастан бүкіл еліміздің және оның әрбір азаматының өмір сүру деңгейін көтеру мәселелері **ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың** биылғы "Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің негізі" атты халыққа Жолдауында атап көрсетілген. Нәтижесінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға қатысты түрлі бағдарламалар қолға алынып, бүгінде өз жемісін беруде.

Бұл күнде төрткүл дүние танып, мойындаған Тәуелсіз ел мәртебесінің арға түсуіне береке-бірлігі жарасқан біздің Шет ауданының тұрғындары да бір кісідей атсалысуда.

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Саяси-экономикалық, әлеуметтік саладағы жеткен жетістіктеріміз бен бағындырған биігіміздің негізін қалаған Ұлы мереке - Тәуелсіздігіміз ұзағынан сүйіндірсін.

Еркіндіктің арайлап атқан әр таңы дендеріңізге саулық, өмірлеріңізге шаттық, шаңырақтарыңызға құт-береке әкелсін! Мерекелеріңіз құтты болсын.

**М.МҰХТАРОВ,**  
аудан әкімі.

**Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,**  
мәслихат хатшысы.

## ТӘУЕЛСІЗДІК - МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ



Мереке шуағы

Тәуелсіз елдің құрдастары

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК - МӘНГІЛІК  
ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

путаты Г.Түсіпова Парламент Сенатының «Алғыс хатымен», облыстық мәслихат депутаты, аудандық орталық аурухана директорының емдеу ісі бойынша орынбасары Х.Әбітаева «Nur Otan» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен, Ж.Аманжолов «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасарының «Құрмет грамотасымен», мемлекеттік қызмет ардагері, күйші Е.Жәнібеков облыс әкімінің «Құрмет» грамотасымен, С.Қаратаева «Nur Otan» партиясының Қарағанды облыстық филиалының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Мұнан кейін аудан әкімі мен аудандық мәслихат хатшысы ұзақ жылдар бойы түрлі жауапты салаларда жемісті қызмет атқарған, ауданның дамуына үлестерін қосқан жерлеріміз, еңбек ардагерлері Б.Хамзин мен С.Әлібаевқа, спорт саласының дамуына үлесін қосқан әлемнің бірнеше дүркін чемпионы Д.Оспанов, ішкі істер органдары сапында жемісті еңбек етіп сала кадрларын дайындау бағытында еңбек сіңірген полиция генерал-майоры М.Қызылов, ішкі істер органдарында ұзақ жылдар жемісті еңбек сіңірген, полиция ардагері Ө.Торғаевтарға Шет аудандық Мәслихатының 2021 жылғы 21 қыркүйектегі шешіміне сәйкес, Шет ауданының Құрметті аза-

Қ.Игітай, Ф.Мұқышев, Қ.Бекқожин, С.Ниязбеков, М.Ақша-лов, Ж.Тұрабеков, А.Шонанова, Т.Тілеуберлин, Ж.Серкебаев, Е.Бекенов, Қ.Ахметова, Ж.Тұржанов, А.Ибрайбекова, Б.Ахтаев, Б.Елеусізова, М.Қарабеков, А.Сүлейменов, Ж.Кисманова, Б.Қаракекіловтарға аудан әкімінің «Құрмет» грамотасын, аудан әкімінің орынбасары Р.Рысқалиұлы А.Иксанова, Қ.Базылов, Д.Төлеубеков, М.Есмағамбетова, Г.Күлейменова, Ж.Мұқашева, М.Әшімханов, А.Адамбаев, Е.Кенжебаев, Ө.Амангелдіқызы, А.Қамиев, С.Тілеуханова, Б.Пұшай, Р.Мұхаділова, Е.Аркенов, Ф.Жұмақасовтарды аудан әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапаттады. Шырайлы шарда мерейтойға орай ұйымдастырылған «Үздік маман иегерлері» аудандық байқауының нәтижесі бойынша Батық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Б.Рахымжанов «Үздік мемлекеттік қызметкер», Шет ауданы полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры М.Шабдинов «Үздік құқық қорғау саласының қызметкері», Ақжал кенті фельшерлік-амбулаториялық пунктіннің медбикесі Г.Рахымжанова «Үздік денсаулық сақтау саласының маманы», «Тау» шаруа қожалығының жетекшісі Қ.Түсіпбеков «Үздік ауылша-

⇒1-ші беттен.

«Тұғыры биік - Тәуелсіздік» атты салтанатты жиынға келген көпшілік алдымен мәдениет үйінің кіре беріс дәлізіндегі аудандық орталық кітапхана қызметкерлері дайындаған кітап көрмелерін тамашалап, тәуелсіздік туралы жазылған туындылармен танысты. Осыдан кейін, сахна шымылдығы ашы-



лып дербестігіміздің дәлелі мемлекеттік Әнұран шырқалды. Тәуелсіздіктің 30 жылын-



да қол жеткен жетістіктеріміз бойымызды рух болып кернесе, сол рух салтанат құрған жиынды аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров құттықтау сөзбен ашты. Аудан басшысы өз сөзінде барша тұрғындарды ел тәуелсіздігінің ордалы отыз жылдық мерейтойымен құттықтап, егемендік жылдары еліміз бен ауданымыздың қол жеткізген толағай табыстары мен толымды жетістіктерін тізбелеп өтті. Сонымен қатар, аудан басшысы аудан көлемінде еселі еңбек атқарып жүрген Е.Алиев, С.Алпысбаев, Т.Амандықұлы, С.Ахымбеков, Б.Боқайтегі, К.Жүністегі, С.Қамбар, С.Қамытбаева, Г.Қошқарбаева, Ф.Құсайынов, Ө.Рахымжанов, Т.Үмбетовтерге ел Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай дайындалған «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалін табыстады. Салтанатты жиында аудандық мәслихат хатшысы Б.Төлеуқұлов Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының «Құрмет грамотасымен», аудандық мәслихат де-

маты төсбелгісі мен куәлігін салтанатты түрде табыстады.



Әуелеген өсем өннен кейін сахна төріне аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев шығып, аудан аумағында түрлі салаларда қажырлы қызмет атқарып жүрген С.Аркенова, А.Әбжанова, Б.Кошманова, К.Скатаева, Т.Тохмедия, А.Машков, В.Ковальчук, Ж.Жақаев, Ф.Абжанов, Р.Айғаринов,

руашылығы саласының маманы, Шет ауданының экономика және қаржы бөлімінің бас маманы Ү.Балтабаева «Үздік қаржыгер», Ақадыр кентінің жеке кәсіпкері Қ.Оралова «Үздік кәсіпкер», Шет КоммунСервис мекемесінің көлік жүргізушісі Е.Бектемісов «Үздік коммуналдық және байланыс саласының маманы» номинацияларымен және аудан әкімінің диплом, естелік сыйлықтарымен марапатталды. Салтанатты жиын соңы мерекелік концертке ұласты. Концертке елімізге танымал, белгілі өңші жерлесіміз Саят Әбдіғали, тағы басқа да әншілер мен мәдени-сауық орталығының өнерпаздары қойған «Тәуелсіздік - баға жетпес құндылық» атты сахналық көрініс, сондай-ақ, С.Мұхамеджанов атындағы өнер мектебінің және Ү.Алтынсарин, Ж.Ақылбаев атындағы мектептердің талантты оқушыларынан құрылған домбырашылар оркестрі әуелеген өн мен күмбірлеген күй мерекені шырайландыра түсті.

Өз тілшімізден.

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Нұрсұлтан Жұмабекұлы  
АХМЕТОВ, аудандық орталық аурухана дәрігері.ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕҢ ҮЛКЕН  
БАҚЫТЫМЫЗ!

Тәуелсіздікпен құрдас мен секілді 1991 жылғы дүниеге келген тұтастарым және содан кейінгі жылдарда дүниеге келген замандастарым бақ қонған елімізбен бірге өсіп, көркейді.

берік орын алып, еліміз бұрынғыдан да гүлденіп, жайнасын!

Тәуелсіз еліміз мәңгі жасасын!

Мереке шуағы

БІРҚАТАР САЛА БАСШЫЛАРЫ  
МАРАПАТТАЛДЫ

Жуырда аудан әкімі М.Мұхтаров Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, өз саласында жемісті еңбек атқарып жүрген ауданымыздағы бір топ бөлім, мекеме, кәсіпорын басшыларымен кездесті.

Кездесу барысында аудан басшысы тұғырлы Тәуелсіздік жылдары еліміздің оның ішінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына әрбір азаматтың үлесі бар екендігін айтып, Ұлық мерекемен құттықтады. Сонымен қатар, аудан аумағында орналасқан белді кәсіпорындар «Вару Minig» ЖШС-нің директоры Д.Югай, «Sary-arka Copper Processing» ЖШС-нің директоры Р.Дусипов, «Nova-Цинк» ЖШС-нің директоры С.Асан, Шет ауданының соты А.Әбдікамалов, аудан прокуроры Е.Жаппар, ауданның ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі М.Менисов, аудандық кірістер басқармасының басшысы Ж.Қасымжанов, аудандық білім бөлімінің басшысы Е.Смағұл, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Б.Арыстанбеков, ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі, автокөлігі жолдары және тұрғын үй инспекциясының басшысы Д.Смайылов, «ШетКоммунСервис» ЖШС-і мекемесінің директоры С.Со-



циал, аудандық «Шет шұғыласы» газетінің директор-редакторы М.Садуақасов, Талды ауылы округінің әкімі А.Нұркеваларға аудан әкімінің «Құрмет грамотасы» және сонымен қатар, Ақой ауылдық округінің әкімі Ж.Қасым, аудандық Жұмыспен қамту орталығының директоры А.Амангелдин, аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Б.Арыстанбеков, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы С.Ахмедия, Қарағанды облысы бойынша ҚАЖД Шет аудандық пробация қызметтерінің бастығы, әділет майоры Н.Әлжановтарға аудан әкімінің «Алғыс хаттары» салтанатты түрде табысталды.

Өз тілшімізден.





ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

Тәуелсіз елдің құрдастары

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІММЕН ҚҰРДАС БОЛҒАНЫМА МАҚТАНАМЫН

бірге мен де 30 жасқа толдым.

Есім кіргелі бері тәуелсіздік құрдасы екенімді біліп, оны терең сезініп өстім. Өйткені ата-анам, ұстаздарым Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келмегенін айтып, біздің ұлттық мерекеміз екенін түсіндіріп жататын. Кейінде есейе келе Тәуелсіздіктің не екенін түсіндім. Мен өзімді бақытты жандардың бірімін деп есептеймін. Себебі ата-бабамыз ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздікпен құрдас екенімді ойлағанда жүрегімді ерекше қуаныш кернейді.

Тәуелсіздіктің ақ таңында туып өскен біздер үшін бұл үлкен қуаныш, ұлы мереке. Тәуелсіздіктің тұғыры биік болып, халқымыздың абырой беделі асқақтай берсін демекпін.



**Бексұлтан Бекзатұлы АХТАЕВ**, кәсіпкер.

Биыл 30 жыл толып отырған Тәуелсіздігімізбен

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

Салтанатты жиын

## ҰСТАЗДАР ҚҰРМЕТТЕЛДІ

ліктерін арттыру мақсатында өткізіліп келе жатқан дәстүрлі «Жыл мұғалімі» байқауының аудандық кезені жеңімпаздарына құрмет көрсетіліп, қаржылай сыйлықтар мен номинациялар берілді. Нақтырақ айтқанда, «Ең үздік сабақ», «Ең үздік сыныптан тыс іс-шара», «Ең үздік үй тапсырмасы» номинация иегерлеріне дипломдар және 30 мың теңгенің сертификаты табысталса, 3 орын және 50 000 теңге Жарық жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі Қ.Жаукумова, 2 орын мен 100 мың теңге Х.Сәріжіпұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі А.Алишев,

жүлде иегері Ж.Ақылбаев атындағы мектеп ұстазы С.Тәжібеков диплом мен 200 мың теңгенің сертификатын иеленді. Айта кету керек, ауданымыздың «Жыл мұғалімі» атанған С.Тәжібеков облыстық кезеңнің ақтық мөресіне дейін жетіп, жүлделі II орын мен 150 мың теңгенің сертификатын қанжығалап қайтқан болатын.

Мұнан кейін, «Сапалы білім ордасы» - Ж.Ақылбаев, «Үздіксіз ізденіс ұйымы» - Ы.Алтынсарин, «Жаңашылдар шеберханасы» - Ю.Гагарин, «Шығармашыл ұжым» - Нұраталды және Батық, «Тәрбие тағылымы» - Қызылқой, «Дарынды бүлдіршіндер» - Нұрәулет бөбекжайы, «Нағыз ұйымшыл ұжым» - Балдәурен бөбекжайы мен ордалы оқу орындары аталмыш номинация және қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, шара барысында аудан аумағындағы білім беру ордаларында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан отыздан астам ұстаздарға «Шет ауданы білім саласының құрметті қызметкері» төсбелгісі салтанатты түрде табысталды. Шара барысында аудан орталығындағы мектеп ордаларының талантты ұл-қыздары концерттік бағдарлама ұсынып, жиналған көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады.



бөлімінің марапаттарын табыстады.

жүлделі 1 орын және 150 мың теңге Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебінің ұстазы М.Бай-

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

Қайырымды істер марафоны

## ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДАН ЖАЛЫҚПА

дали Серікболұлына, Балғынбекова Нұргүл Маратқызына және Қадырәлі Бақытжан Бейсенқұлұлына Қарағанды қаласындағы балаларға арналған «Играйка» дүкеніне 100 000 теңгенің сертификатын табыстады.

«Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» деген сөз осындайда айтылса керек. Әлемдегі барлық адамдар тек қана жақсылық туралы ойлап, жақсылық жасауға ұмтылатын болса, онда әлемде тыныштық, ынтымақ орнап,

«Қайырымдылық жасаң, қайырымын өзің көресің» - деген дана халқымыз. Қайырымдылық, жақсылық жасау - халқымыздың ең ізгі қасиеттердің бірі. «Жанашырлыққа - жан риза» дегендей, балаларға аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу әрбір адамның азаматтық парызы.



Шара барысында мұғалімдердің шығармашылық қабілетін шындау, кәсіби шебер-

кенова, қарсыластарынан оқ бойы озық деп танылған жарыстың аудандық кезендегі бас

Өз тілшімізден.



Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында бала сенімінің нық болуына қадам жасаған «Орал Электро Сервис» ЖШС-і директоры Торыбаев Ерлан Нұрғалиұлы Киікті ауылындағы нысаналы топтағы үш отбасының балаларына, яғни, Қуат Мұхаме-

әр адам, әр бала бақытты өмір сүрмек.

**Манар ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ**, кітапханашы, Киікті ауылы.



Көне жәдігер ізімен

## АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН ҚЫМЫЗҒА АРНАЛҒАН ЖИНАҚ

секілді барлық ыдыс-аяғы, қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалып отырған.

Біздің айтайын дегеніміз - ұлттық нақышта ағаштан жасалған қымызға арналған жинақ.

Қымыз ыдысының жиынтығы 8 заттан тұрады. (Шара, ожау, тостаған).

Ағаштан жасалған көлемі шұңғыл табактан кіші, әсем, сырлы ас құятын ыдыс.

Музей қорына 2018 жылы Шет ауданының 90 жылдық мерейтойында өлкетанушы Балтабай Бокай-тегі сыйға тартқан болатын.



Қазақстан - спорттық ұлт



**Желтоқсан айының 10 күні С.Сейфуллин кентінің спорт кешенінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай волейболдан ересектер арасында кентімізге еңбегі сіңген Жолшаринов Ғазиз бен Шырымбеков Манат ағаларымызды еске алуға арналған ашық біріншілік өтті.**

Ерлер арасында ұйымдастырылып өткен біріншілікке кентімізден жасақталған 9 құрама команда бақтарын сынады.

Жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин, кент әкімі А.Балғабек, ағаларымыздың туған-туыстары,

**ВОЛЕЙБОЛДАН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН БІРІНШІЛІК ӨТТІ**

балалары, достары қатысып, ұзақ жылдар бойы қызметтес, ауылдас болған марқұм ағаларымыз жайында естеліктер айтылды. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Мақсат Жұмкин өркеніет өріне құлаш ұрып отырған елімізде

айтып, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі.

Шараны ағаларымыздың ұлдары Жолшаринов Айдос пен Шырымбеков Айбат ұйымдастырып, ағаларымыздың жасаған ісін тоқтатпай, одан әрі жалғастыруда.

Бөсекеге толы болған аталмыш турнир нәтижесінде 1 орынды Спорт кешені командасы жеңіп алып, жеңіс тұғырынан көрінсе, 2 орынды мектеп командасы, 3 орынды ВЖДО командалары өзара бөлісті.

Әдемі ойын өрнегін көрсете білген ойыншылар да марапатқа ие болды. «Ардагер ойыншы» номинациясы Тынысбеков Қуаныш, «Үздік ойыншы» номинациясы Кәріғұлов Мерей және Көкенаев Ұланға бұйырды. Командалар ақшалай сыйлықпен және арнайы кубок пен грамоталармен марапатталды.

Жарыс соңы ауылымыздың өнерпаздары мен мектеп оқушыларының мерекелік концертіне ұласты.

**Ж.ЖАНБЕКОВА,**  
**С.Сейфуллин атындағы кент әкімі аппаратының жетекші маманы.**



салауатты өмір салтын қалыптастыру басты мәселе екенін



Қоғамдық кеңесте

**БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ**

Ағымдағы жылдың 9 желтоқсаны күні Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы Әділхан Смағұлұлы жүргізіп отырды.

Аудандық Қоғамдық кеңесінің күн тәртібінде “Аудан бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыруда және бұқаралық спортты дамытуда атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттері туралы” және басқа да мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша Шет ауданы әкімінің орынбасары Рүстем Рысқалиұлы есепті хабарлама жасады.

2021 жылы Шет ауданы бойынша халық саны 41 155 болса, оның ішінде бұқаралық спортпен айналысушылар саны 14 521 адам, яғни 35 % құрайды. Білім беру мектептерінде 7 222 бала оқыса, оның ішінде спорт мектептерінде, дене шынықтыру сауықтыру клубтарында және білім беру мектептерінде тұрақты түрде спортпен айналысушылар саны 1851 баланы 25,6% құрайды.

Аудан бойынша жастар саны 8901, оның ішінде бұқаралық спортпен айналысушылар саны 1920 адам 21,5 % құрайды. Жалпы аудан бойынша қазіргі таңда 731 үйірмелер жұмыс істеуде.

Шет ауданы бойынша Ақсу-Аюлы ауылы және Ақадыр, Сөкен Сейфуллин кенттерінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері бар. Спорт мектептерінде дайындалатын бала саны 1779, жаттықтырушылар саны 45. Мектептерде 12 спорт түрінен

(қазақ күресі, дзюдо, самбо, волейбол, аударыспақ, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, бокс, футбол, пауэрлифтинг, жүзу) 162 үйірме жұмыс істеуде.

2021 жылы 1000 адамға шаққандағы тұрғындарды спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 53,9%-ды құрап отыр.

Жалпы аудан бойынша 225 спорттық нысандар бар. Атап айтқанда 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 1 - спорттық сауықтыру кешені, 1 - жүзу бассейні, 1 - стадион, 40 - спортзал, 6 - спорттық қосалқы зал, 24 - жасыл төсеніші бар спорт алаңдары, 120 - жазықтық нысандар, 7 - атыс тирі, 19 - хоккей корты, 2 - ипподром және 1 - теннистік корт бар.

2021 жылы салынған спорттық нысандарға келетін болсақ 48 млн. теңгеге С.Сейфуллин кенті мен Красная поляна, Ақсу, Бұрма ауылдық округтерінде жасыл төсеніші бар спорт алаңдары, Жарылғап батыр мен Көктіңкөлі ауылдық округтерінде көп салалы хоккей корттары мен Өспен ауылдық округінде Стрит воркаут алаңы салынды.

Қоғамдық кеңестің мүшелері О.Сейілбеков, Б.Жұмкин тыңдау барысында өз ой-пікірлерін білдіріп, аудан бойынша бұқаралық спортты дамыту және оның арасында аудан жастарына көп демеу көрсетілуі керектігін айтып, тиісті деңгейде жұмыстар атқарылсын деген ұсыныстарын білдірді.

Қоғамдық кеңестің алдағы отырысының қарауына ұсынылатын мәселе қаралып, талқыланып белгіленді. Қоғамдық кеңестің жұмысын төраға Ә.Смағұлұлы қорытындылады.

COVID-2019

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ “ЖАСЫЛ” АЙМАҚҚА ЕНДІ**

Эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес облыс бүгіннен бастап “жасыл” аймаққа ауысты. Айта кетейік, өткен тәулікте облыста COVID-19 жұқтырудың 74 жаңа жағдайы тіркелді.

Карантиндік шараларды жеңілдету “сары” аймақтан “жасыл” аймаққа көшкеннен кейін 7 күннен ерте жүргізілмейтінін хабарлаймыз.

**Қарағанды облысының СЭБД баспасөз қызметі.**

**2021 ЖЫЛҒЫ 15 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН Өңірлеріндегі ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ БАҒАЛАУ МАТРИЦАСЫ**

«Қызыл» аймақта:

«Сары» аймақта: Ақмола, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары.

«Жасыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары.



**ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ АППАРАТЫНДА АЗАМАТТАРДЫ 2022 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР, АҚПАН, НАУРЫЗ АЙЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАУ К Е С Т Е С І**

№	Азаматтарды қабылдауды жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты	Қызметі	Қабылдау мерзімі						Телефоны	Қабылдау орыны
			қаңтар		ақпан		наурыз			
			күні	уақыты	күні	уақыты	күні	уақыты		
1	Төлеуқұлов Бөкен Төлеуқұлұлы	Аудандық мәслихаттың хатшысы	сейсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сейсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сейсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	21-4-11	Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 үй №15 бөлме
2	Ахметжанова Гүлмира Құлсарықызы	мәслихат аппаратының басшысы	сәрсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сәрсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сәрсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	21-5-67	Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 үй №18 бөлме

Ескертпе: Азаматтар жеке өтініштері мен ұсыныстарын аудандық мәслихат аппаратының мына электрондық поштасына жіберулеріне болады: e-mail: maslihat-shet@mail.ru.

«Шет аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінде сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сенім телефоны жұмыс істейді. Сіздер мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты (871031) 21-5-67, 21-9-48 Сенім телефондары бойынша хабарлай аласыздар.



Көне жәдігер ізімен

**СУСЫН ҚҰЮҒА  
АРНАЛҒАН ОЖАУ**

дың сабына ою-өрнектер салып, әсем безендірілген түрлері де бар.

Бүгінгі күні аудандық музей қорынан орын алған ағаш ожауды 2003 жылы Шет ауданы,

Қарабұлақ ауылының тұрғыны О.Жабаев әкеліп, тапсырған болатын.

Материалы: ағаш.  
Өлшемі: 7x45 см



**Ожау** - қымыз, айран, сүт, сусын құюға қолданылатын ыдыс. Шұңғыл бөліктен және қолға ұстауға ыңғайлы саптан тұрады. Ожау ағаштан және металдан жасалады. Ағаштан жасалған түрлері б.з.б. 2 ғасырымыздан бастап қолданыла бастаған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында дастарханның шырайын келтіретін мүлік ретінде ерекше бағаланған. Оны қазақ шеберлері әр түрлі ағаштардан (тораңғы, емен, тағы басқа да ағаштардан) ойып дайындаған. Кейде ожау-

Иманы кемел - ел мықты

**ДӘСТҮР МЕН ДІННІҢ  
ДҰРЫС МӘНІ**

Халқымыздың тарихында көнеден бастау алып, бүгінге дейін жеткен тілі, тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі және діні қалыптасқан. Сол құндылықтарды бүгінде кейбір азаматтар шатастырып жатады. Кейде әдет пен ғұрыпты дәстүрге немесе кейбір дәстүрді әдет-ғұрыпқа жатқызып жүр. Ал дін менен дәстүрді бір-біріне қарсы қойып жүрген жат ағым өкілдері де бар.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының пәтуа бөлімі «ғұрып» сөзі арабтың «әл-ғұрф» сөзінен шыққандығын, араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдеттегі іс-әрекет, үрдіс деген мағыналарды білдіреді дейді.

Ал, «Әдет» сөзі арабтың «әл-ғада» өзінен шыққанын, мағынасы адамдар арасында көп қайталанатындықтан дағдыға айналған істер дегенді білдіреді. Әдет және ғұрып сөздерінің мағынасы бір десе болады. Кейбір шарият кітаптарында «урф» сөзін қолданса, енді біреулері «әдет» сөзіне басымдық берілген.

«Дәстүр» сөзі де арабша «дустур» деген сөздің қазақша баламасы. Арабша мағынасы іс-әрекет жасалатын ереже, заң дегенді білдіреді. Қазіргі араб тілінде бұл, негізінен, бір елдің конституциясы деген мағынада қолданылады дейді.

Иә, қазақ даласында ислам шарияты мен дала заңдарының қосындысынан шыққан заңнамалық жүйе дәстүр деп аталса керек. Жалпы дін мен дәстүрдің ұштастығы, бір-бірімен сабақтастығы құстың екі қанаты іспетті. Олар бір-бірінен ажырап қалуы мүмкін емес. Дін мен дәстүр бір-біріне тәуелді, себебі, олар бірін-бірі толықтырып тұрады. Тіпті ислам дінінде пәтуа беру үшін жергілікті дәстүрді басшылыққа алады және санасады.

Осы орайда белгілі исламтанушы ғалым Алау Әділбаев: «Кез келген халықтың өмір-салты мен дүниетанымы негізінде ғасырлар бойы жинақтала келе қалыптасатын құндылықтар жиынтығынан тұратын әдет-ғұрып діни үкім шығару, яки,

пәтуа беру тұрғысынан мұсылман құқығында маңызды рөл ойнаған. Әдет-ғұрыпқа мән беріп, оны негізге алу - ислам құқығының динанизмін, барлық уақытта жергілікті халықтың дүниетанымына сай келетін кендігін көрсететін бірден-бір ерекшелігі. Осы ерекшелігіне байланысты Ислам дінін өзге ұлт өкілдері жатсынбай қабылдап, өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалған» дейді.

Кез келген халықтың құндылығы бар. Ол мәңгі өзімен бірге жасап келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде, өнерінде. Оларды бір-бірінен бөліп те қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың болмысын құрайды. Халқымыздың ұлттық және діни дәстүрлері тәрбиелі ұрпақ қалыптастырудағы рөлі орасан.

Тәрбие ана құрсағынан басталып кетеді дейді ғалымдар. Олай болса, бала дүниеге келмей тұрып басталатын «Құрсақ шашу», бала дүниеге келе салысымен болатын «Сүйінші сұрау», «Азан шақырып ат қою», «Шілдехана тойы», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» - бөрінің өзіндік тәрбиелік орны, маңызы бар екені анық.

**Салт-дәстүрлер тек қана тәлім-тәрбие ғана емес, бұлжымас тәртіпке де негізделген.**

Мәселен, әуақты сыйлау туралы бір ғана сөзбен тоқталсақ, бұл жерде мәселе марқұмның жетісі, қырқы, жылын атап мал союда емес, мәселе - ағайын туыс, құда-жекжатқа көңіл айтып, қайғысына ортақтасуда. Өлімнің артын күтудің өзі - Қазақ үшін бірлік пен берекенің, ұят пен ардың нышаны. Ендеше арыдан ойлар болсақ, осылардан айырылсақ біртұтас халқымыздың елі мен жерінің тұтастығына сызат түспей ме?!

Ұлыстың ұлы күнін тойлау да, жеті атаға дейін қыз алыспау да, төбөрі тарату, секілді ғұрыптар әрине, мұсылман дінінде нақтылап айтсақ араб халқында жоқ. Сонда бұлар арабтарда жоқ екен деп біз бастартуымыз керек пе? Әлде, жеті атадан бері қыз алысып-беріспейтін дәстүрімізді тәркі етудіміз керек пе? Ендеше біздің дәстүр-салтымыздың бәрі мұсылман дінінен ауытқушылық немесе

қарсылық емес, ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып. Сол әдет-ғұрыптың бәрі де мұсылман дінімен ымыраласа жүріп жатқанын байқаймыз.

**Ислам дінінде бөліну жоқ, бірін-бірі сыңға алып, айтысып-тартысу да жоқ. Онда бағыт бар, басты ұстаным бар, ғұлама-ғалымдардың салып кеткен сара жолы бар.**

Біз дінсіз ел емеспіз. Әкесі мен ұлы, енесі мен келіні стақан соғыстырып, баласы көмелетке толған соң ата-анасынан безетін, көршісінің баласы жүгіріп шуласа, полицияға шағымданатын, келген қонағына қиналатын халық емеспіз.

Біз өке тұрып ұл сөйлегеннен безетін, ата-ененің қалауын қабағынан сезетін, ата-анасы жыңды болса, байлап бағатын, қолдағыны бөліп беріп көрші мен қонақтың көңілін табатын, қызына қырық үйден тыйым салатын, тағы да басқа көптеген мүмкіннің сипаты, мұсылманның мұраты саналатын асыл қасиеттерді отбасы ошақ қасында бойға сіңіретін салт-дәстүрі бар халықпыз. Бұлар адасушылық болса, тура жол қайсы?!

Бүгінгідей ақпарат айдынында түрлі идеологияның келуі халықты ұстанған салт-дәстүр, санасынан айыруды көздеп отыр. Әрбір ұлт, этнос өзінің құндылықтарымен рухтанғанда ғана сырттан келген өзге жат идеологияны қабылдамайды. Бұл біздің салтымызға, дәстүрімізге, санамызға жат дейді. Ал өзінің салтынан, дәстүрінен, санасынан айырылған этнос сырттан келген біреудің қаңсығын таңсық деп қабылдайды. Бұл мемлекеттің тұрақтылығына, тәуелсіздігіне үлкен нұқсан келтіреді.

Өзінің салт-дәстүрімен рухтанбаған кейбір азаматтар сырттан келген әртүрлі ағымдарды жетегінде адасып жүр. Жастарды қайта бейімдеуде қиындық туып жатыр. Олардың қоғамға қайта бейімделуі, оралуы, ұлттық рухпен сусындауы қиынның қиыны. Мұндай жұмыспен тек дінтанушылар немесе имамдар ғана емес, психологтар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, бір сөзбен айтқанда барлығымыз да жұмыс жасауымыз керек.

**Ауданның ішкі саясат бөлімі.**

Сыбайластық - қауіпті дерт

**ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚОҒАМДЫ БҰЗУ  
АРҚЫЛЫ ШЕШУ НЕМЕСЕ КҮНДЕЛІКТІ  
ӨМІРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ**

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық - бұл біз күнделікті өмірде үнемі кездестіретін жемқорлықтың бір түрі. Қолданыстағы заңдар, ережелерді айналма жолдар түрінде қолдану арқылы бәрі заңды болып көрінеді. Осылайша, аз мөлшердегі ақша қарапайым мәселелерді шешуге әсер етеді. Оларға ауруханаларда, мектептерде, жергілікті лицензиялау, полиция және салық органдарындағы парақорлық жатады. Сыйлық немесе конверттегі ақшамен көрсетілген алғысты біздің көпшілігімізге пара емес, оған қарағанда міндетті салт және қарым-қатынас тәлімдері ретінде қабылданады. Бізде не үшін алғыс білдіру қалыптасқан? Бір қызығы, барлығы үшін. Онымен қоса, қабылдаушы алғыстың жоқтығынан ренжіп қана қоймайды, сонымен қатар «өтініш беруші» алдын-ала дайындалмаса өзін ыңғайсыз сезінеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дәлелдеу өте қиын, себебі басқа құқық

бұзушылықтардан айырмашылығы, қылмыстың құпиясын жазасыз ашатын нақты жәбірленуші жоқ. Осылайша,



сыбайлас жемқорлық бүкіл қоғамға зиян тигізеді.

Ең алдымен, бұл экономикалық залал, өйткені үлкен сомалар мемлекеттік бюджеттен тыс өтеді және оны қоғамдық қажеттіліктерге пайдаланыла алмайды. Сондай-ақ, ол сыбайлас жемқорлықты күнделікті өмір құбылысына айналдырып, қоғамның моральдық қағидаларын бұзады. Ұзақ мерзімді жоспарда сыбайлас жемқорлық қоғамның одан өрі дамуын тежейді.

**РЕШЕНИЕ ЛИЧНЫХ ПРОБЛЕМ  
ЧЕРЕЗ РАЗЛОЖЕНИЕ ОБЩЕСТВА ИЛИ  
КОРРУПЦИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ  
ЖИЗНИ**

Бытовая коррупция - это один из видов коррупции, с которым мы постоянно сталкиваемся в повседневной жизни. За счёт применения обходных путей, в виде существующих законов, правил и положений, все выглядит якобы законным. Таким образом, небольшие суммы оказывают влияние на решении самых обыденных вопросов. К таковым можно отнести взаимодействие в больницах, школах, местных органах лицензирования, полициии и налоговой.

Благодарность, выраженная в презенте или конверте с деньгами, перестала восприниматься многими из нас как взятка, скорее - как некий обязательный ритуал и атрибут взаимоотношений. За что у нас принято благодарить? Как ни странно, практически за все. Причем не только принимающий обидится

отсутствию благодарности, но и «проситель» чувствует себя неудобно, если заранее не «подготовился».



Коррупционные преступления очень трудно доказать, так как в отличие от остальных правонарушений нет конкретной жертвы, которая могла бы безнаказанно разгласить тайну преступления. Таким образом, коррупция наносит вред всему обществу.



### TELEBAĞDARLAMA 20-jeltoqsannan 26-jeltoqsanға deyin

<b>DÚISENBI, 20-jeltoqsan</b>	<p>14.15, 1.55 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 2.10 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Kóremiz». 20.40 Т/с «Крепкие орешки». 23.45 Х/ф «Женская версия. Такси Зеленый огонек». 1.00 Т/с «Вертинский». 2.40 «Қарлығаш ұя салғанда».</p> <p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.00 Т/с «Офицеры». 7.00 «Таңғы хабар».</p>	<p>10.00 Х/ф «Ограбление. Код 211». 12.00 Д/ф «Казахи. История государственности». 12.30, 0.30 «Әсем әуен». 13.00 «Шайқалған шаңырақ» т/х. 15.00 «Бүгін». 15.50 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости». 18.00 Х/ф «Неудержимые». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.</p>	<p>20.30 «Бизнеске бағыт». 21.30 «Дала battle». 22.30 «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным». 23.30 «Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05 «Ауылдастар». 6.25 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 7.00 «Таңшолпан».</p>	<p>10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 2.00 Ақпарат. 10.10, 18.00 «Дениз». 12.00, 21.30 «Қара таңба» т/х. 13.10, 17.15 «Қузық екен». 14.00, 3.25 «Теледәрігер». 15.15 «Тұлға». 15.50 «Көңіл толқыны». 20.35, 2.35 «Ashyq alań». 22.30 «Өмір ызғары» т/х. 0.00 «Жарқын жүздесу». 1.00 «Сана».</p>
<b>SEISENBI, 21-jeltoqsan</b>	<p>Такси Зеленый огонек». 11.10 Т/с «Семейный дом». 13.10 «На самом деле». 14.15, 1.55 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 2.10 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Kóremiz». 20.40 Т/с «Крепкие орешки». 1.00 Т/с «Вертинский». 2.40 «Қарлығаш ұя салғанда».</p>	<p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.00 Т/с «Офицеры». 7.00 «Таңғы хабар». 10.00, 18.05 Х/ф «Неудержимые». 12.00 Д/ф «Казахи. История государственности». 12.30 «Әсем әуен». 13.00 «Шайқалған шаңырақ» т/х. 15.00 «Большая неделя». 15.50 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости».</p>	<p>20.05, 21.05 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня. 20.35 «Тарих айнасы». 21.35 «Дала battle». 22.35 Т/с «Барыс». 23.35 «Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05 «Ауылдастар». 6.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 1.45 Ақпарат. 7.00 «Таңшолпан».</p>	<p>10.10, 18.00 «Дениз» т/х. 12.00, 21.30 «Қара таңба» т/х. 13.10, 17.15 «Қузық екен». 14.00, 3.10 «Теледәрігер». 15.15 «Тәуелсіздік тарландары». 15.50 «Киелі Qazaqstan» д/ф. 16.15 «Көңіл толқыны». 20.35, 2.20 «Ashyq alań». 22.30 «Өмір ызғары» т/х. 0.00 «Жарқын жүздесу». 0.50 «Сана».</p>
<b>SÁRSENBI, 22-jeltoqsan</b>	<p>11.10 Т/с «Семейный дом». 13.10 «На самом деле». 14.15, 1.55 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 2.10 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Kóremiz». 20.40 Т/с «Крепкие орешки». 23.45 Т/с «Женская версия. Знак Сова». 1.00 Т/с «Вертинский». 2.40 «Қарлығаш ұя салғанда».</p>	<p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.05 Т/с. 7.00 «Таңғы хабар». 10.00, 18.00 Х/ф «Неудержимые». 12.00 Д/ф «Казахи. История государственности». 12.30 «Әсем әуен». 13.00 «Шайқалған шаңырақ» т/х. 15.00 «Бүгін». 15.50 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.</p>	<p>20.30 «Отдел журналистских расследований». 21.30 «Дала battle». 22.30 Т/с «Барыс». 23.30 «Народный контроль». 0.00 «Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05 «Ауылдастар». 6.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 1.15 Ақпарат.</p>	<p>7.00 «Таңшолпан». 10.10, 18.00 «Дениз» т/х. 12.00, 21.30 «Қара таңба» т/х. 13.10, 17.15 «Қузық екен». 14.00, 2.40 «Теледәрігер». 15.15 «Тұлға». 15.50, 3.25 «Қазақтар». 16.25 «Көңіл толқыны». 20.35, 1.50 «Ashyq alań». 22.30 «Өмір ызғары» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.20 «Сана».</p>
<b>BEISENBI, 23-jeltoqsan</b>	<p>Знак Сова». 11.10 Т/с «Семейный дом». 13.10 «На самом деле». 14.15, 2.15 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 2.30 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Kóremiz». 20.40 Т/с «Крепкие орешки». 1.00 Т/с «Вертинский». 3.00 «Қарлығаш ұя салғанда».</p> <p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.05 Российский сериал.</p>	<p>7.00 «Таңғы хабар». 10.00 Х/ф «Неудержимые». 12.00 «Әсем әуен». 13.00 «Шайқалған шаңырақ» т/х. 15.00 «Большая неделя». 15.50 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости». 18.00 Х/ф «Денни Цепной пес». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.</p>	<p>20.30 «Мәжіліс.kz». 21.30 «Дала battle». 22.30 «Барыс» т/х. 23.30 Х/ф «Елкі 3».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05, 3.20 «Ауылдастар». 6.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 0.50 Ақпарат. 7.00 «Таңшолпан». 10.10, 18.00 «Дениз» т/х. 12.00 «Қара таңба» т/х.</p>	<p>13.10, 17.15 «Қузық екен». 14.00, 2.35 «Теледәрігер». 15.15 «Жан жылуы». 15.40, 1.25 «Meniń Qazaqstanym». 16.05 «Көңіл толқыны». 20.35, 1.45 «Ashyq alań». 21.30 «Домалақ ана» т/х. 22.30 «Өмір ызғары» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.20 «Parasat maidany».</p>
<b>JUMA, 24-jeltoqsan</b>	<p>11.10 Т/с «Семейный дом». 13.10 «Жди меня». 14.15 «112». 14.30 «Qoslike». 18.30, 20.00, 2.25 Жаңалықтар, новости. 19.00 «Kóremiz». 20.40 «Поле чудес». 22.00 Т/с «Дорогая». 1.45 «Мужское/Женское». 2.50 «П@утина». 3.35 «Әйел сыры...»</p>	<p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.05 Российский сериал. 7.00 «Таңғы хабар». 10.00 Х/ф «Денни Цепной пес». 12.00 «Әсем әуен». 13.00 «Шайқалған шаңырақ» т/х. 15.00 «Бүгін». 15.50 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости». 18.00 Х/ф «Мерзлая земля». 20.00, 21.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.</p>	<p>20.30 «Үкімет». 21.30 «Дала battle». 22.30 «Барыс» т/х. 23.30 «Вечер профессионального бокса».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05 «Ауылдастар». 6.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 2.20 Ақпарат. 7.00 «Таңшолпан». 10.10, 18.00 «Дениз» т/х.</p>	<p>12.00, 21.30 «Домалақ ана» т/х. 13.10, 17.15 «Қузық екен». 14.00 «Теледәрігер». 15.15 «Заң және біз» А.Омаровамен. 15.45 «Жұлдыздар аққан жыл» Арнайы жоба. 16.05 «Көңіл толқыны». 20.35, 2.55 «Ashyq alań». 22.30 «Өмір ызғары» т/х. 23.30 «Жарқын жүздесу». 0.20 «Qazaqstan дауысы».</p>
<b>SENBI, 25-jeltoqsan</b>	<p>12.00 Т/с «Чтобы увидеть радугу, нужно пережить дождь». 15.40 «Тағдыр тасы». 16.35 «Мама, маған дауыс бер!» 18.00 «Айна». 19.00 «Kóremiz». 20.25 Т/с «Тростинка на ветру». 0.20 «Что? Где? Когда?» 1.30 Финал конкурса «Miss Qazaqstan». 2.35 «П@утина». 4.15 «Той заказ».</p>	<p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.00 Российский сериал. 7.00 «Өзін-өзі тану». 7.20 Х/ф «Близзард». 9.00, 0.15 «Әсен әуен». 9.30 «Таңғы fresh». 10.00 «XXI ғасыр көшбасшысы». 11.00 Х/ф «Москва слезам не верит». 14.00 Концерт. 15.30 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости».</p>	<p>сской области. К 30-летию Независимости». 18.00 Х/ф. 20.00 Dimash show. 21.00 «Жеті күн». 22.00 «Хабарлас». 23.15 «Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05, 3.15 «Ауылдастар». 6.30 Ақпарат.</p>	<p>7.05 «Сырлы сахна». 7.35, 2.15 «Әйел әлемі». 8.10, 2.50 «Киелі Qazaqstan» д/ф. 8.35 «Әндер мен жылдар». 10.00, 18.00 «Дениз т/х». 12.00, 20.40 «Qazaqstan дауысы». 14.00 Республикалық ақындар айтысы. 16.15 «Әзіл әлемі». 20.00, 1.35 «Másele». 22.30 «Өмір ызғары» т/х.</p>
<b>JEKSENBI, 26-jeltoqsan</b>	<p>8.45 Х/ф «Тридцать». 10.45, 1.10 К юбилею КВН «60 лучших». 13.50 Т/с «Минус один». 17.30 «Лучше всех». 18.50 «Добрый вечер, Казахстан!» 20.00 «Грани». 21.00 Т/с «Перевод не требуется».</p> <p><b>Хабар</b></p> <p>5.00, 16.00 Российский сериал. 7.00 «Самопознание». 7.20 Телесериал. 9.00 Х/ф.</p>	<p>9.00 Х/ф. 11.00 Х/ф «Москва слезам не верит». 11.00 Х/ф «Москва слезам не верит». 14.00 Концерт. 15.30 «Итоги развития Акмолинской области. К 30-летию Независимости». 18.00 Х/ф. 19.30 «Dimash show». 20.30 «Мәжіліс.kz». 21.00 «7 күн». 22.00 «Большая неделя». 23.30 «Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом».</p>	<p>0.15 «Әсем әуен».</p> <p><b>Qazaqstan</b></p> <p>6.05 «Ауылдастар». 6.30 «Tolaǵan». 7.30 «Әлемнің алып шаһарлары» д/ф. 8.00 «Ақсауыт». 8.20 «Сағындырған әндер-ай». 9.20 «Talrup». 10.00, 18.00 «Дениз» т/х. 12.00 Т.Төрелінің концерті.</p>	<p>14.00 Республикалық ақындар айтысы. 16.15 «Әзіл әлемі». 17.20, 3.10 «Тәуелсіздік тәуекелдері». 20.00, 2.20 «Апта». 20.50 «Көңілді тапқырлар алаңы». 22.30 «Өмір ызғары» т/х. 23.30 «Көңілашар». 0.10 К/ф «Дәм айдаған тағдыр».</p>



### Еске алу

Кеншоқы ауылының тұрғыны болған, асыл жар, аяулы ана, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі **ЖАСАҚБАЕВА Күләйдің** фәниден бақиға озғанына 25-ші желтоқсанда 40 күн толады.

Сағынышымды қалайша жасыра алам,  
Сізге деген қымбатты асыл анам.  
Біреуге әже, біреуге ақылшы боп,  
Көздеріңнен мейірім шашыраған.



Жаным жүдеп жүр қазір сіз кеткелі,  
Мезгілдің ауысқандай күз-көктемі.  
"Айналайын" дегені жанға шипа,  
Таппаспын сіздей жанды іздеп тегі.

Сізді қатты сағындым асыл ана,  
Ерік беріп көзіңнің жасына да.  
Ақ шәліңді қолыма ап бір іскесем,  
Сізге деген сағыныш басыла ма?

Қырқылғандай күй кешіп қанаттарым,  
Сізді ойлаумен өтуде әр ақ таңым.  
Тілегімді қабыл ап шын тілеген,  
Рахымына бөлесін Жаратқаным.

**Еске алушылар:** жолдасы - **Рашид**, балалары - **Жанар-Ерік, Қайсар-Аманкүл, Гүлжанат-Қанат, Гаухар-Дәуітбек, Заңғар** және немере-шөберелері.

Марқұмның 40 күндік асы 25-ші желтоқсанда сағат 11.00-ден бастап Кеншоқы ауылындағы дәмханада беріледі.

### Еске алу

Қайрақты ауылының тұрғыны болған, аяулы анамыз **ДОСАНОВА Зәурештің** өмірден озғанына 40 күн толады.

Сүйікті анамызды, асыл әжемді сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жайлы, қабіріне Алланың нұры жасын деп рухына дұға бағыштаймыз. 40 күн болды жүзінді көрмегелі, Көкіректі сағыныш кернегелі. Балаларың өзінді ойлап күрсінеді, Көңілдің күмбір қакқан пернелері.



Жаксы адамның артында із қалады,  
Ұрпақтары сағынышпен еске алады.

Анажан, арамьздан кетсеңдағы,  
Нұрлы бейнең жүректе мәңгі сақталады.

**Еске алушылар:** балалары - **Ардақ-Рысқұл, Аманбай, Аманкелді, Аманжол-Райхан, Асқар** немерелері - **Нұржан, Ақдилар, Жомарт-Фариза, Азамат-Арайлым, Мархабат.**

Анамыздың 40 күндік асы 25-ші желтоқсан күні Ақсу-Аюлы ауылындағы "Жанқұтты би" мешітінде сағат 11.00-ден бастап беріледі.

### ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ ЕДІ!

Өмір керуені Алла бұйыртқан жолдармен тоқтаусыз жүріп жатыр. Сол жолда дәм-тұзы таусылып, өмірден озып жатқандары қаншама. Расымен де кеше ғана ел мүддесі үшін тікесінен тік тұрып қызмет жасаған, қоян-қолтық жақын араласқан жайсаң азаматтардың көбі артында өшпес із, өлмейтін өнеге қалдырып ана дүниеге аттанып кете барды. Алды артына қаратпас ажал сағаты сокса бәріміз де дәрменсізбіз.

Тек... қашан көрсең қимылы ширақ, үсті басына шаң қондырмай, мұнтаздай тап-таза қалпында жүретін аңқылдаған азаматтың ғұмыры тым келте қиылады деп кім ойлаған?

Амал қанша, ауданымыздың тумасы, ел-жанды азамат, білікті басшы Сағадиев Жанат Ермеқұлы туралы да өткен шақта сөйлеуге мәжбүрміз болып отырмыз. Әзірге қолымыздан келетіні асыл азаматтың адамдық істерін еске алып, естелік жазу, дұға бағыштау ғана. Бір ауылдың тумасы болғандықтан мен Жәкенді ерте кезден-ақ жақсы танытынмын. Ағамызбен тығыз қарым-қатынасымыз жұбайы Жанна арқылы басталған еді. Олай дейтінім Жанна бізбен құрдас, бір жылдың төліміз. Сондықтан да әрбір отырысымыз Жәкенсіз өтпейтін.

Жәкеннің ауылшаруашылығы саласында еңбегі бір бөлек әңгіме, кейінгі жылдары Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімі, ауданның халықты жұмыспен қамту орталығының директоры, "Nur Otan" партиясы Шет аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары лауазымында болған кезеңдерде қарым-қатынасымыз одан әрі жандана түскен еді. Өзім ауданның тыныс-тіршілігінен хабар беретін басылымда қызмет атқарғандықтан қоғамдық, мәдени іс-шараларда қатар жүретінбіз. Жәкеннің бір қасиеті мазасыздығы. Бүгінгі шаруаны ертеңге, ең құрығанда кешке қалдыруды жаратпайтын. Бастаған істі аяғына жеткізбей дамыл табу деген ол үшін жат қасиет. Осыдан да болар қай қызметте болсын айналасына абыройлы, әріптестеріне сыйлы болды. Кейде маған ағамыздың шалт қимылы мен аяқ асты шешім қабылдап үлгеретін қасиеті кей азаматтарға жетіспей тұратындай көрінеді.

Өмірінің соңына дейін қанша ауырып жүрсе де жан баласына сездірген емес. Дерт мендегенін өткен жылы ота жасатқанда бірақ білдік. Сонысына қарамай аяқтық демі шыққанша қызметін атқарып, адалдықтың жарқын үлгісін көрсетті. Небәрі 59 жасқа қараған шағында мына өмірмен қош айтысып, мәңгілік мекеніне аттанып кете барды. Осы орайда, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, ағамыздың көзі тірісінде жасаған ғибратты істері артында қалған ұрпағына тие берсін демекпіз.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында өнегелі өмір сүріп, соныңда өшпес із қалдырған Жанат Ермеқұлының жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталмақ.

Жаратқан Алладан тілерім, жатқан жерің жарық, топырағың торқа, жаның пейіштің нұрына бөленсін, жаны жайсаң азамат!

Мейрам ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

### Еске алу



Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны болған, асыл жар, ардақты әке, сүйікті ата қимас бауырымыз **ОҚАПОВ Бауыржан Мәженұлының** (руы-Алшын) фәниден бақиға озғанына 1 жылға жуықтады.

Марқұмның жатқан жері жарық, қабірі мамық болсын деп еске алып, рухына дұға бағыштаймыз.

Біздер үшін асқар едің, шың асқақ,  
Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап.  
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,  
Кеттің әке жанымыздан жырақтап.

Асыл әке сағындық бір өзінді,  
Мейірімді, ақ жарқын нұр жүзінді.  
Бауырына басымызды қойып еркелейтін,  
Сағындық бақытты сол күнімізді.

**Еске алушылар:** жұбайы-**Күләш**, балалары, немерелері, бауырлары, ағайын-туыстары.

Марқұмның 1 жылдық асы 17-ші желтоқсан күні сағат 15.00-де Қарағанды қаласындағы "Баракят" дәмханасында беріледі.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

12.04.2019 жылы қайтыс болған Шәтеқұлы Төлеуқұлдың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.

31.07.2020 жылы қайтыс болған Жукунова Даркен Сейфоллинаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй.



### Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, асқар таудай әкеміз **Аманкелді БИҒАРШҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына 40 күн толады. Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп еске алып, рухына дұға бағыштаймыз.

Жайдары дархан көңіл мінезімен,  
Жаны пәк, қамқор, адал тілегімен.  
Жар болды, әке болды мейірімді,  
Ақкөңіл аңқылдаған жүрегімен.

Алланың мініп пырағын,  
Жұмақта болсын тұрағын.  
Нұрланып тұрсын шырағын,  
Пейіште болсын жұмағын.

Бәйтеректей әулетке сая болған,  
Бәрінен де мейірімін аямаған.  
Жәннатта жаның болсын рухың биік,  
Өзіндей аяулы адам қайда бізге.

**Еске алушылар:** жұбайы - **Сәния**, балалары, немерелері. Әкеміздің 40 күндік асы 25-ші желтоқсан күні сағат 11.00-ден бастап Ақсу-Аюлы ауылындағы "Ақсу-Аюлы" дәмханасында беріледі.

Асқа ағайын - туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, еңбек ұжымдарын, балаларының жора-жолдастарын, әкемізді танитын барша жамағатты шақырамыз.



### Еске алу

Асқар тау әке, асыл жар, балаларының қамқор да қымбатты әкесі, абзал азамат **САҒАДИЕВ Жанат Ермеқұлының** фәниден бақиға озғанына 40 күн толып отыр.

Көзден кетсе де көңілден кетпейтін асыл әкеміздің жарқын бейнесі сол қалпында жадимызда. Аз ғана ғұмырында туған-туыс, құда-жекжат, ағайынға, ортасына сыйлы, балаларына қамқор әке, қайырымды ата еді. Сіздің жоқтығыңыз қабырғамызды қайыстырып, жүрегімізді жылатса да Алланың бұйрығына шара бар ма? Әкеміздің жатқан жері жәннатта, иманы жолдас болып, пейіште нұры шапқысын дейміз.

Қамқоршы әке ер мінезді батыл болдың,  
Біздерге тек өнеге, ақыл бердің.  
Жұмақтың төрінде бол қадірлі әке,  
Жақсы ісіңмен қаларсың есінде елдің.

Бәйтерегім, асылым, ақтангерім,  
Тіректе едің, біздерге мақтан да едің.  
Арттағы қалған ұрпағың ұмытпайды,  
Жайлы болғай, әкетай, жатқан жерін.

**Еске алушылар:** жұбайы - **Жанна**, балалары - **Батырхан-Назира, Зәмзәгүл-Дархан** және **Сағадиевтер әулеті.**

Әкеміздің 40 күндік асы 25-ші желтоқсан күні сағат 13.00-де "Тілек" дәмханасында беріледі.



### Еске алу

#### САҒЫНЫШ

Сағыныш... Ананы аңсау... Анашыңның аялы алақаның, мейірімге толы жүзін бір көруге зар болу... Жұдырықтай жүрегіңді атша тулатып, сыздатқан сағыныш...

Керуен күндер келмеске кетіп, жұлдызды түндер біртіндеп ағып жатыр. Асау аттай арындаған қайран уақыт тоқтаусыз зымырап барады. Күні кеше ғана сияқты еді жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде аяулы Анамызды ақтық сапарға шығарып салғанымыз. Көзді ашып жұмғанша екі жылдан артық уақыт өтіп кетіпті. Алғашқы айларда көзбен көрсек те, көңіл құрғыр сенбей, жолаушылап кетіп, өне-міне дегенше қайтып келердей болып жүргенмен, жылдар жылжи төрдегі Анамыздың орны ойсырап, жоқтығы біліне бастады. Шарасыз қалған шерменде көңіл-күйдің іздей-іздей қанатының талғаны. Көнбесіңе амал жоқ. Тағдыр... Кімге болса да тірліктің бір күні таусылып, тоқтары ақиқат. Әркім өз алдына үй болып, ошағы, отаны бөлек болса да, бала-шағасымен базар болып, өз күйбең тірлігімен кетсе де, туған Ананың мейірім-шапағаты сәт сайын керек екен адамға.

Арамызда болғанда анамыз **КӨШЕНОВА Несіпбала Оспанқызы** желтоқсан айының 16 - жұлдызында 80 жасқа толар еді... Әкемізбен жастай бас қосып, 10 баланы дүниеге әкелген анамыз ененің де бабын тауып, малды ауылдың шаруасын да дөңгелетіп, сыйлы келін, әулеттің ұйытқысы бола білді. Ағайын-туыстың жиын-тойында бас болып, абысын аяңдарына аналық ақылын айта жүріп, қай шаруасы болмасын білек сыбана кірісіп кететін еді.

Қазаны оттан түспейтін, қысы-жазы дастарханынан қарынның сап-сары майы үзілмейтін, қашан барсаң селкілдеп қайнап тұратын самаурыны, аузыңнан дәмді бір кетпес қаймағы мен сықпа құрты, қып-қызыл бауырсағы... шіркін бұлдыраған сағым боп көзден кетсе де, көңілден кетпейтін керемет кездер еді ғой! Аңқылдаған ақкөңіл, дариядай дархан пейілді, кімге болсын тек жақсылық тілеп тұратын ақ жүрек Анамызға мерейлі 80 жасын 10 баласынан тараған 29 немересі, 31 шөбересі мен 2 шөпшегінің ортасында тойлауды Алла нәсіп етпеген екен... Амал қанша... Бүгінде ұрпағыңның қолынан келері тек дұға бағыштап, құран оқыту. Жаның пейіште болып, артта қалған жақындарыңның жарқын өміріне тілеулес болып, мәңгі жүрегіміздің төрінде жүре бер, Аяулы Жан Анашым!

**Сағына еске алушы: ұл-қыздары, Көшеновтер әулеті.**



ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздігіне

30 ЖЫЛ

30

Міне, биыл Қазақ елі тәңірі берген Тәуелсіздігінің, арайлы азаттығының отызшы жылына қадам басып отыр.

Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бағзы заманнан бері қаншама өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салқалы салтын сақтап қалғаны - еркіндік сүйгіштік жетінін, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы - бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

Қазақ елінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін тарихта ерекше орын алатын көтерілістер: Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер болды. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бастап, қынадай қырылған 1930-1933, ел тізгінін ұстаған азаматтардан 1938 жылдарына дейінгі аралықта халқымыздың осынау кең жақан далада өмір сүруі, тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупі төніп тұрған еді. Қарақерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан, Шотан батырлар, берікте Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген бабаларымыздың есімдері алтын әріппен тарихқа қалды.

Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті де, қасиеті де жетерлік тарихына айналды. Иә, Желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр септі. Желтоқсан жаңғырығы бізге Тәуелсіздіктің таңын әкелді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы ансаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16-желтоқсан күні жүзеге асты. Дүниеге

Тәуелсіздік- тұғырым

## ТӘҢІРДІҢ БІЗГЕ БЕРГЕН ҮЛКЕН БАҚЫТЫ...

жана мемлекет-Тәуелсіз Қазақстан келді. Біз өзіміздің рәміздерімізбен мақтанамыз, Қазақстан Туымен тұғырлы, Елтанбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты... Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр ата-мекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жанаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереңіміз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы - біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

Тарих толқынында талайды бастан кешірген қазақ елі 30 жыл бұрын өз тәуелсіздігін алған тұста дұрыс таңдау жасағандығын бүгінгі таңда уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Тәуелсіздігіміздің алғашқы таңнан бастап қазіргі кезеңіне дейінгі онды өзгерістер Елбасымыздың тікелей бастамасымен болып жатқаны аян. Бейбітшілік, келісім мен тұрақтылық жағдайында Қазақстан жылдам қарқынмен әлемдегі алдыңғы қатарлы жетекші елдердің қатарына қосылып келеді.

Бүгінде Қазақстан - әлемдік қоғамдастықтағы жауапты да құрметті әріптесі, Орталық Азияның шешуші елі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ұлы мақсаттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Барша қазақстандық бұл идеяны үлкен қуанышпен қабылдады.

«Мәңгілік Ел» сөзі біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан белгілі. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныккөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік ел» деп өсиет қалдырған. Елбасымыз Тоныккөк бабамыздың өсиетін тілге

тиек ете келіп: «Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жана Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтанш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік ел деген күдіретті ұғымға сыйып тұр», - деген болатын. Ұшар басында алып самұрығы қанат қаққан «Қазақ елі» монументі - бабаларымыздың «Мәңгілік ел орнату» идеясына қойылған ескерткіш белгі. Халқымыздың өткені мен болашағын жалғап тұрған, оның мәңгілік мұраты мен асыл арманы бейнеленген бұл алаң - еліміздің басты алаңы.

Болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мұраттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясының ұғымын, оның мазмұнын, мәңгілік мұраттарға қол жеткізудің құндылықтарын насихаттау, жас ұрпақтың санасына сіңіру - қазақ қоғамы үшін аса көкейкесті мәселелердің бірі.

Біздің тірегіміз - тәуелсіздік, тілегіміз - тұрақтылық, білегіміз - бірлік. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарға қол жеткізді.

Тәуелсіздік - ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні - ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік - тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын! Әрқашан күн сөнбесін! Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін!

Әсел НИЯЗОВА,  
Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қайырымды іске атсалысайық!

## КІШКЕНТАЙ АЙСЕЗІМГЕ КӨМЕК ҚАЖЕТ



Бауыр еті баласының сырқаттанғаны қай ата-анаға болсын қатты бататыны аян. Кішкентай Айсезімнің ата-анасы Қайыржан мен Жанна баласының өмірге шыр етіп келгенде қатты қуанғандары анық. Алайда бұл қуаныш ұзаққа созылмай, кішкентай қыздарының ауыр дертке шалдыққанын естігенде жандарын қоярға жер таппады. Сырқатына ем іздеп жергілікті емхана мен Астана, Алматы қалаларындағы емханалардың табалдырығын тоздырған. Алайда бүгінгі күні дәрігерлер тарапынан кішкентай балапанға «Спинально-мышечная атрофия 2 тип» диагнозы қойылып отыр. Алғашында мұны естігенде генетикалық аурудың ауыр түрі балаларында кездескеніне сене алмаған. Бұл сырқат өмірге келген 10 мың сәбидің біреуінде кездесетін сирек ауру түрі. Бұл нерв жұлқындары мен миға дегенеративті, бұлшық ет атрофиясының прогрессивті әлсіздігі мен бұлшық ет атрофиясын тудырады. Бұл ауру кішкентай сәбиде отыруға да, жүруге де жол бермей, өз бетімен басын да ұстай алмайды. Бүгінгі таңда әлемде бұл аурудың дамуын тоқтата алатын екі препарат бар: бірінші жылы препаратты 6 рет алу керек болса және келесі жылдары өмірінің соңына дейін 3 рет қабылданытын «Спираз» препараты қажет. Оның бір инъекциясының құны

48 000 000 теңгеден тұрады. Ал, екінші қабылдайтын препараты «Золгенсма». Бұл препараттың «Спираздан» айырмашылығы - қызымыздың барлық басқа балалар сияқты өсуі үшін тек одан бір инъекция жеткілікті. Ең бастысы, өздігінен жүріп, өзге балалар сияқты алаңсыз өмір сүруіне қажет. Бірақ бұл инъекцияның құны - 1 000 000 000 теңге. Алдабергенновтер отбасы ауыр дерттің салдарынан бүгінде 1 жас 2 айға толған кішкентай Айсезімді тәй-тәй бастыра алмай әлек. Сырқат қыздарының жанынан анасы бір елі де алыстамайды. Бұл дерттен құлан таза айықтыруға мамандар осындай кепілдік беріп отырған көрінеді. Тек препараттар жуық арада бала 2 жас-қа толғанға дейін қабылдануы керек екен. Бірақ олар сұраған қаражат қарапайым отбасының қолында жоқ. Шағын ғана қаражаты кішкентай қыздың еміне жетпейді. Сондықтан қалғанын толтыруға жұрттан көмек сұрауға мәжбүр.

Мен қайырымды жандардан өтіне көмек сұраймын. Әр азамат қол ұшын береді деп сенемін. Бір баланың тәй-тәй басып жүріп кетуіне әркім себепкер болғысы келеді ғой. Бізде ондай мүмкіндік жоқ. Жолдасым Қайыржан екеу-міздің қолымыздан еш қайран болмай отыр. Баланың еміне тек қымбат препараттар ғана қажет. Өзімізде ондай жоқ. Қазір Айсезім су ішудің өзін ауырсынады. Бірақ ол сәби болып не жыламайды, не күлмейді. Өз бетінше басын дұрыс ұстай алмайды, отыра алмайды.

Қалталы бауырлар болса, көмектесе дейміз. Сондықтан барлық отандастарымнан, жерлестерім, барлық аналар, ағалардан сұраймын, көмектесіңіздерші. Менің кішкентай ғана сұлу қызыма, - дейді анасы Жанна.

Сәбидің ата-анасы қолы ашық, жомарт адамдардың көмегімен қажетті сома жиналады деген үмітте.

Айсезімге қол ұшын созамын деген қайырымды жандар төмендегі есепшотқа қаржы аударуына болады.

5522043362986174 (халық банкі),  
8 778 186 39 35 (қаспи голд)  
Алдабергеннова Жанна,  
ЖСН:781102400321

Туған жеріңді танып біл!



## БЕЛАСАР ПАТША ҚОРҒАНЫ

**Беласар патша қорғаны.** Киікті ауылының түстігінде 8 км шамасындай жерде. Қорғанның сырты жалпақ тастармен қоршалған, диаметрі 25 метр төбесі ашылып, сан тоналған қорғанның ежелгі бейнесін көзге елестету қиын.

Қорғанның айналасы ежелгі қорымдарға толы. Қорымдардың көбі ашылған. ХІХ ғасырда қазақ жеріне еркін кірген орыстар да алтын-күміс іздеп, көрбоболарды ашып, тастап кеткені белгілі.



Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті  
Директор-редактор  
Мейрам Дәулетбекұлы  
СӘДУАҚАСОВ



Құрылтайшысы және меншік иесі: Шет аудандық "Шет шұғыласы" газетінің редакциясы ЖШС-і.  
Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй.  
Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1839 дана.  
Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.  
Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы, жауапты хатшы тел. 50-9-03  
Қасымхан Отыншин, Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898  
Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.